

КІТАП ТҰСАУ КЕСЕРІ ӨТТІ

**Жақсы кітап — ақылды адамның әңгімесімен бірдей.
Толстой.**

Сәуір айының 14-жұлдызы күні аудандық кітапханада жергілікті жазушы Қанат Жойқынбектегінің 2010 жылы Астана қаласы "Ақарман-медиа" баспасынан жарық көрген Арқа өңіріне есімі белгілі болған болыс Шоң Телқозыұлының өмірде қалдырған ізгілік іздері, өмірі жайлы "Ел Шоңы" атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Кеш иесі Қанат Жойқынбеков белгілі жазушы, журналист Нұра топырағында туып-өсіп, әдебиетке деген құштарлығы жетегінде Алматыға барып, Мемлекеттік университеттің журналистика бөліміне оқуға түскен. Оны бітірген соң жиырма жылдай уақыт Қарағанды облыстық "Орталық Қазақстан" газетінде жемісті қызмет атқарды. Онан соң "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетіне шақырылып, біраз уақыт редакция аппаратында, одан кейін Астана облысы бойынша меншікті тілші болып біраз жыл еңбек етті.

Осындай жауапты журналистік қызметтерде жүріп, ол керкем әдебиет саласында оның проза жанрында қаламды қаламгерлік таныта білді.

"Махаббат әлди", "Азаматтың арманы", "Қуантты мені", "Өз қолыңда тағдырың" атты прозалық жинақтары жарық көріп, қалың оқырмандардан жақсы баға алды. 1995 жылы "Әйел өмірі" деген романы басылып шығып оқырмандар қолына тиді. Ал Қарағанды шахтерларының өміріне арналған "Асылыңды жоғалтпа романы, Семей полигонның тақсиретін көрсеткен "Бір апталақ демалыс" деген шығармасы жарық көруін күтіп баспаларда жатыр. Сонымен қатар ол драматургия саласында да жемісті еңбек етті. Оның бірнеше пьесалары республикамыздың театрларында табыспен қойылды.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орыны бар, прозаның ауыр жүгін көтеріп, көркем әдебиетке өзіндік сүбелі үлесін қосып келе жатқан қабырғалы қаламгер Қ. Жойқынбектегінің өмірі мен шығармашылығы жайында кез келген оқырман қауым білу тиіс деп ойлаймын. Кездесу барысында осыған көзіміз жеткендей болды.

Кеш барысы жазушы мен шақырылған қонақтар арасындағы сұрақ-жауапқа ұштасты. Жазушы Қ. Жойқынбектегі өзінің шығармашылығы жайлы қонақтармен ой бөлісіп, болашақтағы шығармашылық жоспары туралы әңгіме өрбітті және әдебиетке жақын жауқазын жандардың көкейінде жүрген сұрақтарына жауап берді.

Кеш соңында өзінің жарық көрген «Ел Шоңы» атты туындысының 40 данасын аудан кітапханасы мен аудан халқына табыс етті. Елім, жерім, туып өскен Отаным деп келген ағамызды біз де қуанышты көңіл-күймен шығарып салдық.